

**Семей қаласы мәслихатының 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 18/115–VI "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласы мәслихатының 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 52/380-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 мамырда № 7064 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занның 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Заңың 16-бабының 4) тармақшасына сәйкес Семей қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Семей қаласы мәслихатының 2017 жылғы 21 қыркүйектегі № 18/115-VI "Мүгедек қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарды өтеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5226 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2017 жылғы 11 қазанда жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

1. "Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу ай сайын оқу жылы ішінде он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өтелсін".

2-тармақтың 2.1. тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

2.1. "Кемтар балаларды оқытуға шығындарды өтеу "Шығыс Қазақстан облысы Семей қаласының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жүргізіледі".

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қалалық мәслихат сессиясының төрағасы*

*Қалалық мәслихаттың хатшысы*

*Ж. Молдағалиева*

*Б. Ақжалов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК